



Автор: Бекешова Светлана Киргизбаевна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Туған өлкем

Тақырып: Ж.Смақов. Отан. М.Мақатаев Отан туралы

Оқу мақсаттары:	<ul style="list-style-type: none"> Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) <ul style="list-style-type: none"> 2.1.4.1 Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану 2.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету 2.2.3.1 Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау 2.3.2.1 Мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар, санамақтар құрастыру <p>Сабақ мақсаттары: • Барлық оқушылар: Мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді қолданады. Мимика, ым-ишара арқылы адамның көңіл-күйін көрсетеді. Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды.</p> <p>• Көптеген оқушылар: Топпен бірлесіп немесе сыныптастарымен бірге вербалды емес тілдік құрылымдарды қолданады. Мақал-мәтелдерді ым-ишара арқылы көрсетеді. Мұғалімнің көмегімен орфографиялық қателерді табады және түзетеді.</p> <p>• Кейбір оқушылар: Мәтінге байланысты мақал-мәтелдерді таңдайды. Мұғалім көмегімен дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар құрастырады.</p> <p>Бағалау критерийлері Білім алушы • Мақал-мәтелдерді/ вербалды емес тілдік құралдарды қолданып сөйлейді</p> <p>• Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды</p> <p>• Берілген ұйқастардан қарапайым шумақтар құрастырады</p> <p>Тілдік мақсаттар Оқушылар өлеңдерге сүйене отырып, сөз тіркестерін табу.</p> <p>Пәнге тән лексика мен терминология: вербалды емес тілдік құралдар, мимика Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Отанға байланысты мақал-мәтелдерді пайдаланып, сезімдерін білдіру. Құндылықтарды дарыту Оқушыларға қазақтың ұлттық нақыштарын айту арқылы Отанды құрметтеуге, патриоттық сезімін оятып, құндылығын арттыру.</p> <p>Пәнаралық байланыс Музыка- М.Мақатаевтың «Отан» өлеңін оқи отырып, әннің сазын жүрекке жеткізу арқылы баланың бойына дарыту.</p> <p>Сергіту сәтін жасау барысында әуенді тыңдап, бірге қимыл жасау. Қазақ тілі - Өлеңге сүйеніп, көркем сөздердің тіркесін тауып жаз.</p> <p>АКТ қолдану дағдысы Бейнебаян- М.Мақатаевтың «Отан» өлеңіне түсірілген бейнебаян көрсетіледі, Интербелсенді тақтасында сызба арқылы сөзжұмбақты шешу.</p> <p>Бастапқы білім Жүсіпбек Аймауытов «Қартқожаның туған жері».</p>
-----------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың барысы

- Сабақтың барысы Сабақтың жоспарланған кезеңдері Сабақта жоспарланға іс-әрекет Ресурстар Сабақтың басы 5 минут Ортасы 30 минут АҚТ мүмкіндігін пайдалану 1. Ширату: «Бірлігіміз жарасқан» Үш ұлттың сәлемін қимылмен көрсету. Барысы: оқушыларға шеңбер құрып тұруға және 3 топқа бөліну ұсынылады: «европалықтар», «жапондықтар», «қазақтар». Кейін әрбірқатысушы шеңбер бойымен жүріп, «өз амандасу тәсілімен»барлығымен амандасады: «европалықтар» қолдарын қысады,«жапондықтар» басын иеді, «қазақтар» құшақтасып амандасады. 2. Үй жұмысын пысықтау. «Ыстық орындық» әдісі бойынша жұмыстану. Мақсаты: Орындыққа отырған оқушы сұраққа жауап береді. Мұғалім: - Балалар, біз өткен сабақта қандай мәтін оқыдық?
 - Қартқожаның туған жері
 - Мәтін не туралы?
- Қартқожаның туған жерге сүйіспеншілігі туралы
 - Осы мәтіннен кешкі ауыл көріністерінайтып беріңдерші? - Қас қарайды.Қой өрістен келді. Арбаны төңіректеп, сүйкеніп сиырлар тұр. Үйбасы есік алдына от жағып,кешкі сиырдың сүтін пісіріп жатыр.
 - Қартқожаға кешкі ауыл суреті қалай көрінді? - Біртүрлі жылы, біртүрлі қызықты, ет бауыр жақын болып көрінді.
 - Қартқожаға нелер қатты әсер етті?
 - Қоңырсыған сүт, қайнатқан қаймақ иісі де тәтті. Күлімсі шуаш иісі шыққан қойлар бірге туғандай. Түтіннің иісі де күндегіден жағымды тәрізді.
 - Ол өз туған жерін жақсы көрді ме?
 - Ол өз туған жерін өте жақсы көреді.Оған туған жері өте ыстық.
 - Өз туған жерін сүймейтін қандай адам?
 - Санасыз, ақылсыз, ақымақ, жетесіз,зердесіз адам - Сендертуған жерді сүйесіңдер ме?
 - Туған елін, өскен жерін сүю әр адамныңпарызы.
 - (ҚБ)Оқушыларды«Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды. Дескриптор: Өте жақсы- Мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысындамақал-мәтелдерді қолданады. Жақсы- Мұғалімнің көмегіменмәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды. Орташа-Өзбілгендерін жеткізеді
 - 1.«Болжау» әдісі: Сөзжұмбақ шешу. Интербелсенді тақтамен жұмысжүргізеді. - Қазір бізге, балалар, сөзжұмбақ берілген. Солсөзжұмбақты шешу арқылы біз бүгінгі сабағымыздың тақырыбынбілеміз.
 - 1.Ұлттар бірлігі, татулығы? М: Достық 2. Мемлекеттік рәміздеріміздің бірі? М:Елтаңба 3. Ұлттың аты? 4. Сені өмірге әкелген мейірімді жан?
 - Қара түсті торкөздің ішіндегісөзді бәріміз дауыстап оқиық. Отан Мұғалім: Отандеген не? (оқушылардың пікірін тыңдау) Оқушы: Туып-өскен жеріміз Мұғалім: Ал енді осы туып - өскен жеріміздітағы қалай атауға болады? Оқушы: ОтанОқушылардың жауаптары арқылы тақырыпты болжату. Топтастыру Мұғалім: Міне, балалар осының барлығы қандай Отан? Оқушы: Ол әр адамның кішкене отаны. Осындайкішкене отандардан кең Отан шығады.
 - Мұғалім: Олқалай аталады? Оқушы: Біздің Отананамыз Қазақстан Республикасы. Мұғалім: Иә, балалар. Ал енді осыҚазақстан қандай ел? Оқушы:(тәуелсіз, егеменді) Мұғалім: Еліміз егемендігі қашан алды? Оқушы: (1991 ж 16 желтоқсан)